

ISSN 1563-0223
Индекс 75878; 25878

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ

Филология сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК

Серия филологическая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

EURASIAN JOURNAL

of Philology: Science and Education

№4 (168)

Алматы
«Қазақ университеті»
2017



ХАБАРШЫ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ №4 (168)

ISSN 1563-0223
Индекс 75878; 25878



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Куәлік №956-Ж.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Зуева Н.Ю. – ф. ғ. к., доценті (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әбдиманұлы Ө. – ф. ғ. д., профессор (ғылыми редактор) (Қазақстан)

Күркебаев К.К. – ф. ғ. к., доцент (ғылыми редактордың орынбасары) (Қазақстан)

Таева Р.М. – ф. ғ. к., профессор м.а. (редактордың көмекшісі) (Қазақстан)

Туманова А.Б. – ф. ғ. д., профессор (редактордың көмекшісі) (Қазақстан)

Алинтаева Л.Т. – ф. ғ. к., доцент м.а. (редактордың көмекшісі) (Қазақстан)

Дарибаев С.Д. – ф. ғ. к., доцент (Қазақстан)

Джолдасбекова Б.У. – ф. ғ. д., профессор, ҰҒА корреспондент-мүшесі (Қазақстан)

Донна Орвин – ф. ғ. д., профессор, Торонто университеті (Канада)

Евдокимова С. – PhD, асс. профессор, Браун университеті (АҚШ)



КАЗАК
УНИВЕРСИТЕТІ
В А С П А У Й Ы

Жаң Жин Жин – ф. ғ. д., профессор, Пекин ұлттық орталық университеті (Қытай)

Карағойшыева Д.А. – ф. ғ. к., PhD, доцент (Қазақстан)

Кибальник С.А. – ф. ғ. д., профессор, Орыс әдебиеті институты (Ресей)

Мадиева Г.Б. – ф. ғ. д., профессор (Қазақстан)

Морхье Пост – PhD, асс. профессор, Берген университеті (Норвегия)

Насие Йылдыз – ф. ғ. д., профессор, Гази университеті (Түркия)

Риверс Уильям П. – ф. ғ. д., профессор, Ұлттық кеңес және тілдерді дамыту жөніндегі халықаралық оқыту (АҚШ)

Салқынбай А.Б. – ф. ғ. д., профессор (Қазақстан)

Сэт А. Агбо – PhD, асс. профессор, Лейкхэд университеті (Канада)

Сулейменова Э.Д. – ф. ғ. д., профессор (Қазақстан)

Темірболат А.Б. – ф. ғ. д., профессор (Қазақстан)

Кенжеқанова Қ.К. – PhD, техникалық редактор (Қазақстан)

Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гульмира Шаккозова

Телефон: +77017242911 E-mail:

Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:

Гульмира Бекбердиева, Азгла Хасанқызы

Компьютерде беттеген Айгул

Алдашева

Жазылу мен таратуды үйлестіруші

Керімқұл Айдана

Телефон: +7(727)377-34-11

E-mail: Aidana.Kerimkul@kaznu.kz

ИБ № 11704

Басуға 20.12.2017 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 14 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 650. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

1-бөлім
ӘДЕБИЕТТАНУ

Раздел 1
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

Сарбасов Б.С.¹, Ергеш А.²,

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ¹доценті, ф. ф. к., ²магистрант,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: sarbasov.bolathan@mail.ru, akdidar.ergesh@mail.ru

ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ ПОЭТИКАСЫ

Мақал-мәтел – халықтың сан ғасырлық көрген-білгенінен, бастан кешкен уақиғаларынан қорытқан ақыл-ойының жиынтығы, анықтамасы, табиғатта, өмірде үнемі қайталап тұратын уақиғалармен, құбылыстармен байланысты туған тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні.

Әр халықтың мақалы мен мәтелі – сол халықтың өзі жасап алған логикалық формуласы, ережесі. Ол кез келген уақиғаның, мәселенің тұсында еске түседі, тілге оралады. Сөйтіп көп ойлануды, ұзақ баяндауды керек ететін қиын нәрсені жеп-жеңіл, оп-оңай, бір-ақ ауыз сөзбен түсіндіреді, ұғындырады.

Мақал мен мәтел – қазақ ауыз әдебиетінің бір саласы, халықтың тұрмысын, кәсібін, салтын, дүниеге көзқарасын бейнелейтін шағын поэтикалық жанр.

Ауыз әдебиетінде мақал-мәтелдің араласпайтын жанры жоқ. Ертегі, аңыз, әңгіме, дастанжыр, халық өлеңдерінде, тіпті жұмбақтар мен тақпақтарда да сөзді әрлеу, ойды өткірлеу үшін мақал-мәтелдер дәлел, айшық ретінде қолданылады.

Мақал-мәтелдер – ықшамды түрде айтылатын, көп жағдайды аңғартатын, өмірдегі құбылыстарды тапқырлықпен түйіндеп, шеберлікпен жеткізетін сөз нақышы. Түйін сөздер: халық оқулығы, фольклор жанры, сөз нақышы, нақыл сөз.

Sarbasov B.S.¹, Ergesh A.²

¹ PhD, A/Professor, ²graduate student of Kazakh state teacher training pedagogical university, Almaty, Kazakhstan, e-mail: sarbasov.bolathan@mail.ru; akdidar.ergesh@mail.ru

Poetics of kazakh proverbs and sayings

Proverbs and Sayings – is the property of the people who created by the centuries under the ancient society, when there was no means of the material thought.

Proverbs and Sayings is a genre of folklore, aphoristic concise, imaginative, grammatically and logically complete utterance instructive sense of rhythm organized form.

Proverb is property of the whole people, or a large part of it, and contains a general judgment or counsel on any occasion.

Proverb – the most interesting genre of folklore. The fruits of centuries-old observation and reflection of the people, his hopes and dreams embodied in songs, fairy tales. So people had been creating his art, his poetry. Proverb lives in speech, but only capacious proverb acquires its specific meaning. Key words: textbook of nation, specific meaning, speechutterance, genre of folklore.

Сарбасов Б.С.¹, Ергеш А.²,

¹к. ф. н. доцент, ²магистрант Казахского Государственного женского педагогического университета,
г. Алматы, Казахстан, e-mail: sarbasov.bolathan@mail.ru, e-mail: akdidar.ergesh@mail.ru

Поэтика казахских пословиц и поговорок

Пословицы и поговорки – это достояние народа, прошедшее испытания веков в условиях древнего общества, когда не существовали средства материального закрепления мысли.

Пословицы и поговорки – жанр фольклора, афористически сжатое, образное, грамматически и логически законченное изречение с поучительным смыслом в ритмически организованной форме.

Пословицы составляют достояние целого народа или в значительной части его и заключает в себе общее суждение или наставление на какой-нибудь случай жизни.

Пословица – самый любопытный жанр фольклора. Плоды многовековых наблюдений и раздумий народа, его мечты и надежды воплощались в песнях, сказках. Так народ создавал свое искусство, свою поэзию. Пословицы живут в речи, только в ней емкая пословица приобретает свой конкретный смысл.

Ключевые слова: учебник народа, конкретный смысл, речевые изречения, жанр фольклора.

Қазақ – сөз қадірін біліп, қасиетті сөзді қастерлеп, аузынан тастамай, данышпандығын өнеге ретінде өлеңмен өрнектеп, терең мағыналы сөздермен зерлеп келе жатқан халық. Сөз зергерлерінің аузынан шыққанды үздіксіз үлгі етіп, ұрпақ тәрбиесіне парық таппай далану дәстүрге айналған. Әсіресе қариялар мақалдап, маңызды сөйлеуді борышым деп санайды, онсыз қарт адамның сөзінің қадірі болмайды.

Мақал-мәтелдердің табиғатының күрделілігі, оның көнелігі мен қолдану аясының кеңдігінде. Белгілі бір жағдайға, тақырыпқа байланысты шебер айтылған ұтымды, тиісті нақыл сөздер ауыздан-ауызға көшіп, ел арасына анау айтқандай, мынау айтқандай деп шешеннің есімімен қосарлана жүрген еді. Ал, кейін шығарушының есімі ұмытылып, ұтымды, орынды қолданылған сөздер халық сынынан өтіп, өңделіп, мақал-мәтелдерге айналып кеткен.

Мақал – мәтелдер үнемі туып, өңделіп, ұстартылып отырады. Ұрпақтан ұрпаққа ауысып, халық жадында жылдар, ғасырлар бойы сақталып, бірден бірге шыңдала береді. Өңделіп, жылдан – жыл өткен сайын өткірлене түседі. Үнемі туып, толысып, молайып отырады.

Мақалдардың негізгі айтар идеялық түйініне, ой желісіне, оны жеткізудегі қолданылатын көркемдік кестелеріне көз жіберер болсақ, халық ой-қиялының ұшқырлығы мен тіл шеберлігіне, шешендік өнеріне, ақылдылығына еріксіз қайран қаласың. Мақалдар тақырыбы өте ауқымды, тіпті ол қамтымаған сала, ол көтермеген мәселе жоқ десе де болғандай. Қандай мәселеге арналып

Қазақ мақал-мәтелдерінің поэтикасы

айтылса да мақал-мәтел жақсылықты дәріптейді, жамандықтан сақтандырады. Оның мазмұны ата-бабаларымыздың бүкіл өмір тәжірибесін қамти отырып, ел болашағы болып табылатын жас ұрпақтың санасын, әсемдік сезімін, талғамын, өмірге деген көзқарасын дамытып, ой-өрісін кеңейтіп, тіл байлығын молайтуды мақсат етеді. Осы тұрғыдан алғанда, мақал-мәтелдердің тағылымдық, тәлім-тәрбиелік, өсиет-өнегелік маңызы зор. «Мақал-мәтелдер әлеуметтік өмірдің қым-қиғаш қайшылықтарын айқын елестететін өткір сын, мысал, ажуаға да толы. Оларда халықтың

болашаққа деген зор сенімі, үміті, не бір асқақ қиялы да көркем сипатталған» [1, 20].

Қазақ мақалдарының көпшілігі еңбек, шаруашылық тақырыптарын қамтиды. Еңбек жайындағы мақалдар еңбекші бұқараның жүздеген жылдар бойындағы еңбек тәжірибесін қорытып, алуан – алуан кәсіп түрлеріне халық көзқарасын білдіреді. Халық мақалы: «Еңбек етсең – емерсің», «Істесең – тістерсің», «Қолы қимылдағанның аузы қимылдар», «Еңбек түбі – мереке, көптің түбі – береке», «Еңбегіне қарай өнбегі», «Бейнетің қатты болса, татқаның тәтті болар» деп тұрмыс негізі еңбек екенін көрсетеді. Енді бір топ мақалдар: «Жалқау жатып бұйырады», «Еріншекке ошақтың екі бұты айшылық жер» деп, жатып ішер жалқау, керенауларды сынайды. «Еңбегі ештің күні кеш» деп жұмыс істемейтін керенау, жалқаулар өмірінің мағынасыздығын аңғартады. Еңбек тақырыбына арналған мақалдарда жас ұрпақты аянбай адал еңбек етуге, елге, халыққа қызмет етуге шақыру идеясы үлкен орын алады [2, 45].

Халқымыз бала тәрбиесіне де ерекше көңіл бөліп, көпті көріп, көп жасаған ата мен әжелеріміз балаға тілі шыққаннан бастап қысқаша әңгіме, ертегі, әртүрлі өсиет-өнеге сөздерді, әңгімелерді, мақал-мәтелдерді айтып берген. Осылардың көпшілігі балалардың өздері күнделікті көріп жүрген жануарлар дүниесімен байланысты болғандығын білеміз. Балаға жақсы таныс мәселені ала отырып оның қабылдауына жеңіл, ұғынуына ауырлық тигізбейтін ақылкеңес бере білген. «Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды», «Ойнақтаған бота от басар», «Соңғы түйенің жүгі ауыр», «Жуас түйе жүндеуге жақсы», «Аттан тай озады, Атадан бала озады», «Сиыр сипағанды білмейді, жаман силағанды білмейді», «Әңгіме бұзау емізер, бұзау

таяқ жегізер». Осы сияқты мағынадағы мақалдардың бала тәрбиесіндегі мәні зор.

Эксперимент

Қазақ мақалдарының көп қолданылатын көрнекті тақырыптарының бірі – бірлік, ынтымақ, ұйымшылдық мәселесі екені анықталды. Бұл тақырыптағы мақалдардың негізіне ақыл-ойы сергек халықтың осы туралы даналық көзқарасы, өмірлік тәжірибесі жатады. Тұрмыс талқысынан туып, әрбір тарихи кезеңнің сындарынан өткен түсініктерін мақал арқылы көрсетпек болады. Бүкіл қоғамның бүтіндігі бірлік пен татулықта деп білген халық «Бірлік

болмай тірлік болмас», «Ырыс алды – ынтымақ», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», «Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас», «Көп ісінде – береке», «Көппен көрген ұлы той», «Көп түкірсе – көл» деген мақалдарымен барлық күш-қуат ынтымақ бар жерде екендігін дәлелдейді.

Қазақ ауыз әдебиетінде халықтың сүйе тындап, сүйсіне тындағаны – көпшілік үшін жасалған ерлік, батырлық істер, ел қорғаған ерлер туралы болғаны бізге мәлім. Бұл тақырыпта қаншама аңыз, әңгіме, ертегі, өлең, жыр туғызып, халықтың ерен ерлікті ардақтағанын білеміз. Осы бір тақырып халық мақалдарынан да өз орнын алған.

Ел қорғау, батырлық, ерлік істер жайында туған халық мақалдары оның ой-арманын, елжандылық қасиетін, туған жерге деген ыстық ықыласын танытып тұрады. Бұл тәріздес мақалдардың ұрпақ тәрбиесіндегі мәні мен маңызы ерекше екендігін жақсы білеміз. Қазақ халқының туған жерге деген перзенттік сезімін көрсететін мақалдары өте көп. Соның кейбіріне тоқталып кетейік: «Ел іші алтын бесік», «Отан оттан да ыстық», «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Өз елімнің басы болмасам да сайының тасы болайын», «Елінен безген ер оңбас, көлінен безген қаз оңбас» т.б.

Өз мақалдарында туған жерін ерекше құрмет тұтқан халық оны қорғау, елінің болашағына қызмет ету әрбір азаматтың басты борышы деп санайды. «Ер елі үшін туып, елі үшін өледі», «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар», «Батыр туса ел ырысы, жаңбыр жауса жер ырысы», «Ел ауырын ер көтереді» т.б. мақалдардың негізгі түйіні осы болып табылады.

Мақалдарда халық елі үшін ерлікке барып, ештеден тайынбайтын айбынды ерлерін ардақтап, олардың ел сүйсінген істерін жастарға, кейінгі ұрпаққа үлгі етуді мақсат етеді. Осы орайда нағыз ерді қорқақпен салыстыра отырып, аз сөзбен екеуінің де бейнесін жасайды. Ерлік, батырлық жасау тек елін, жерін, халқын шын

Сарбасов Б.С., Ергеш А.

сүйетін адамның қолынан ғана келеді, осындай жандардың қолынан кез-келген ерлік іс келеді деп сипаттайды. Мысалы, «Ердің екі сөйлегені – өлгені, еменнің иілгені – сынғаны», «Ер жігіт – етек жеңі кең жігіт», «Батырда бақастық болмас», «Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді», «Ер бір рет өледі, қорқақ мың рет өледі» деген мақалдар бұған мысал бола алады [3,30].

Халық мақалдарының мәнін еш уақытта жоймайтын қоғамдық маңызы зор саласының бірі – оқу-білім, өнер, ғылым және мінез – құлық туралы.

Олардың басты сарыны – елді өнер-білімге шақыру, оқудың, ғылымның пайдасын насихаттау. Жақсы нәрсені үлгі ету, жаманнан жирендіру аталмыш тақырыптағы мақалдардың басты мақсаты. Мысалы, «Өнерліге өріс кең», «Өнерлі өрге жүзеді», «Білегі күшті бірді жығады, білімі күшті мыңды жығады», «Ақыл – тозбас тон, білім – таусылмас кен», «Оқу – білім бұлағы, білім – өмір шырағы», «Білек сүріндіре алмағанды – білім сүріндіреді», «Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні ғаріп» деп тізе берсек таусылмастай мол мақалдардан артық жас ұрпаққа айтылар насихат, өсиет, үлгі-өнеге бар ма екен, сірә. Бұл мақал үлгілерінен жастарды өнербілімге, ғылымға барынша насихаттау мақсаты да айқын көрініс тапқан.

Мақалда адамның жақсы қасиеттерін қастерлеу, арлы болуға, адалдық, кішіпейілділікке, төзімділікке шақыру сарыны да үлкен орын алады. «Мал сақтама, ар сақта», «Өтірікші алдымен өзін алдар», «Өзін өзі мақтаған өліммен тең», «Өлімнен ұят күшті», «Сабыр түбі – сары алтын» деген халық даналығы адамгершілік қасиеттерді уағыздайды. Халық тәлім-тәрбиеге үлкен мән берген болса, осы мақсатты жүзеге асырудағы елеулі үлес мақал-мәтелдердікі десек қателеспейміз.

Адамның мінез-құлқы, халықтың әдет-ғұрпы да мақалдардан елеулі орын алады. Халық адалдық, шыншылдық, әділдік, досқа адал болу, кішіпейілдік сияқты қасиеттерді насихаттап, үлгі етеді. Халық ұғымында не жақсы болса мақалдар соны құптап отырады.

Нәтиже мен талқы

Қазақ мақал-мәтелдерінің өзіне тән негізгі бір ерекшелігі – аз сөзбен көп мағына

беретіндігі айқындалды. «Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір» дей отырып, халық өзінің мақалдарында мазмұнды әңгіменің «тобықтай түйінін береді», ой-пікірін, көзқарасын әрі терең, әрі ашық айтады.

Мақалдың сөз саралауы олпы-солпы болмайды, етек-жеңі жинақы, ықшам келеді. Айтылатын пікір, жасалатын қорытынды, берілетін баға толық дәлелденген, шындалып,

шынайыланып, жонылып, өткірленіп келеді. Сондықтан да мақал оралымды, өткір болады. Мақалда дәлелдеу мен қорытынды пікір бірдей жүріп отырады.

Ішкі құрылысы жағынан алғанда, мақалдар екі түрлі: бірінші –айтайын деген ойын ашық етіп бірден, тұрасынан білдіреді. «Жауды аяған жаралы қалады», «Бірлігі жоқтың – тірлігі жоқ» т.б. Екіншісі – негізгі ойды астарлап айтатын, ишаратпен білдіретін мақалдар. Қазақ мақалдарының біразы осы түрге енеді. Мұның мысалдарына «Жығылсаң нардан жығыл», «Сырын білмейтін аттың сыртынан жүрме» деген мақалдарды жатқызуға болады. Сырт қарағанда бұл мақалдарда айтылатын ой айқын, әрқайсысы өз орнында тұрған сияқты. Бірақ олардың астарында терең мағына тұрады. Мәселен: «Жығылсаң нардан жығыл» дегенде нардан жығылып құлауды айтып тұрған жоқ, нардай үлкен іске ұмтылып мақсатына жете алмасаң айып емес деген ой айтылып тұр. Осындай астарлы мағынадағы мақалдарда терең ой, қазақ халқының табиғатына тән даналық, парасаттылық сезімдері кеңінен байқалады. Осындай үлгідегі мақалдардың біразына көз жүгіртейік: «Қасықтап жинағанды, шөміштеп төкпе», «Жылы-жылы сөйлесең жылан інінен шығады», «Екі кеме құйрығын ұстаған суға кетеді», «Кісідегінің кілті аспанда» т.б.

«Мақалдың тілі өте көркем және мейлінше қарапайым, сөз құрамы бай, халық тілінің суреттеу, бейнелеу мүмкіншіліктері мақалда жанжақты, мол көрінісін тапқан. Ұлы жазушылардың халық тілін үйрену, меңгеру үшін мақал-мәтелдерді жете білу керек деген көзқарас та осыдан туған. Мақал-мәтел ұшқыр, тілге орамды, көңілге қонымды, құлаққа жағымды келеді. Орнын тауып айтса сөзге өң беріп, құлпыртып жібереді» [4, 54].

Мақалдарға тән ерекшеліктің бірі – оның құрылысында. Сөйлем құру, әсіресе, құрмалас сөйлем жүйесін үйлестіру, қисындыру жағынан алғанда мақалдан алуан түрлі үлгі өрнек, әдемі сөз кестесі табылады. Мақалдардың сөйлем құрудағы бір ерекшелігі, онда бастауыш, баяндауыш түгел бола бермейді. Кейде мақалда баяндауыш түсіп қалады. Мысалы, «Еңбек түбі – береке, көптің түбі мереке», «Бейнет, бейнет түбі – зейнет», «Еңбегі аздың – өнбегі аз» деген мақалдарда баяндауыш жоқ, ол тек ойша ғана

толық айтсақ, «Еңбек түбі берке болады, көптің түбі мереке болады» дер едік, онда сөйлем шұбалаңқы болып, келісті ырғағынан айырылады. Бұл құбылыс айшықтау тәсілінің эллипсис деген түрінің мақалдардағы көрінісі, яғни сөз тастап кету. Бұл тәсіл мақалдарда жиі кездеседі.

«Мақалда сөзді мүсіндеп, сұлулау үшін сан алуан теңеу, эпитет, метафора, метонимия сияқты көркемдік құралдар шеберлікпен қолданылған. Мысалы:

Жаксы жігіт-жағадағы құндыз, Жаксы
кыз – көктегі жұлдыз.
Ақылды ердің ішінде
Алтын ерлі ат жатар,
Асыл әйел ішінде
Алтын бесікті ұл жатар.

Осындай мақалдарда орынды, қисынды салыстыру мен шендестіру арқылы екі нәрсе, екі құбылыс бірін бірі толықтырып, бейнелі мүсін жасайды» [5, 27].

Сондай-ақ мақалда әсірелеу, күшейте суреттеу әдісі жиі қолданылады. Мысалы: «Айдағаның бес ешкі, ысқырығың жер жарады», «Тамшыдан тама берсе дария болар», «Қолымен қосаяқ соққан, аузымен орақ орады», «Көрмес түйені де көрмес», «Көп түкірсе көл» деген мақалдарда шамадан тыс ұлғайта суреттеу байқалып тұр.

Мақал-мәтелдердің өзіндік жасалу жолдары, сан қилы шеберлік әдістері бар. Мақал көбіне бір-бірімен ұйқасы бар екі бөлімнен құралады. Сол екі бөлімнің бірінде айтылуға тиісті ойдың шарты айтылса, екіншісінде қорытынды түйін беріледі: «Жасыңда қылжың болсаң, қартайғанда мылжың боларсың», «Күлме досқа, келер басқа», «Ексең егін, ішерсің тегін», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Жақсының өзі өлгенмен, сөзі өлмейді» т.б.

Ата-бабаларымыз не сөйлесең де, не істесең де, алдымен ойланып алу керектігін ескертіп отырған. Тіпті ойнап сөйлесең де, ойлап сөйлеудің тәлімі де тереңде жатыр. Ойламай сөйлеген бірауыз сөз еттен сүйекке жетіп, жүректі қалай жаралайтынын дана түркі халқы «Оқ жарасы бітсе де, тіл жарасы бітпес» деп ұғындырады.

Қазақта «Ер қазынасы – ескісөз, ел қазынасы – ескісөз, тіл қазынасы – ескісөз» деген

Қазақ мақал-мәтелдерінің поэтикасы

ұғылатын «болады» деген сөз. Егер мақалды

бұрынғылардан қалған мақал бар. Адамның ойын

жарыққа шығаратын күшті құрал – тіл. Ал, тіл – ойдың көрінісі екендігі мәлім. Олай болатын болсам әнді, мағыналы ойды жеткізетін, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін берер мақал-мәтелдердің тіл мен әдебиеттің дамуындағы, жалпыхалықтық, қоғамдық өмірдегі, ұлт мәдениетінің өркендеуіндегі, жас ұрпақ тәрбиесіндегі, тілді өркендету мен сөз байлығын қалыптастырудағы, тілді меңгертудегі орны айрықша.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, мақал-мәтелдер тақырыбы ауқымды, мазмұны терең, тілі өткір, кестелі айшығы мол, тағылымдық мәні аса зор халық пен бірге ғасырлар көкжиегінен асып келе жатқан мәңгі сарқылмас қымбат қазынамыз, қанша ұрпақ қазса да таусылмас кеніміз.

Әдебиеттер

- 1 Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Ғылым, 1976. – 187 б. – Б. 20.
- 2 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1958. – 225 б. – Б. 45.
- 3 Жарықбаев Қ. Аталар сөзі – ақылдың көзі. – Алматы: Білім, 1980. – 195 б. – Б. 30.
- 4 Әлімбаев М. Өрнекті сөз – ортақ қазына. – Алматы: Жазушы, 1967. – 185 б. – Б. 54.
- 5 Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 206б. – Б. 27.

References

- 1 Adambaev B. Halyk danalygy. [Folk wisdom] Almaty: Gylym, 1976. 187 b. B. 20.
- 2 Gabdullin M. Kazakh halkynyn auyz adebietiy. [The oral literature of the Kazakh people.] Almaty: Gylym, 1958. 225 b. B. 45.
- 3 Zharykbaev K. Atalarseazy – akyl dynkeazy. [Fathers' words are the source of the mind.] Almaty: Bilim, 1980. 195 b. B. 30.
- 4 Alimbayev M. Urnekti seaz – ortak kazyna. [Orthodox is a common treasure.] Almaty: Zhazushy, 1967. 185 b. B. 54.
- 5 Baitursynuly A. Adebiettanytkysh. [Literature Demonstration.] Almaty: Aтамұра, 2003. 206 b. B. 27.

СОДЕРЖАНИЕ – МАЗМҰНЫ

1-бөлім		Раздел 1 Әдебиеттану
Литературоведение		
<i>Zhaksylykov A.Zh., Bayauova A.B.</i>		
Aspects of the study of Kazakh mythology		4
<i>Bazarbayeva M.M.</i>		
Artistic discourse in the works of bilingual writers		10
<i>Zhapparkulova K.N.</i>		
Koranic motives in A.S. Pushkin's poetry		15
<i>Кәлелқанұлы Н.</i>		
Қазақ халқының жырышылық өнері		22
<i>Мейрамғалиева Р.М.</i>		
Творческая индивидуальность писателя как выражение судьбы		29
<i>Сарбасов Б.С., Ергеш А.</i>		
Қазақ мақал-мәтелдерінің поэтикасы		34
<i>Тукбаев А.Қ., Садақбаев Т.Т.</i>		
Әбіш Кекілбаевтың шығармаларының көркемдігі мен тілі		39
2-бөлім		Раздел 2 Тіл
білімі		Языкознание
<i>Ақымбек С.Ш., Ахмет А.Н.</i>		
Баламен қарым-қатынас жасаудағы интонацияның маңызы		46
<i>Айсұлтанова Қ.Ә., Абдархманова Ж.Ә.</i>		
Термин шығармашылығының сатылары		52
<i>Aliyarova L.M., Makhazhanova L.M., Khalenova A.R.</i>		
Use of paired words in multi-system languages		56
<i>Әлметова Ә.С.</i>		
Әлемнің тілдік бейнесі және стереотип		61
<i>Байтуова А.Н.</i>		
К изучению сравнительно-исторического исследования тюркских языков (казахского, турецкого и узбекского)		69
<i>Бейсембаева С.Б.</i>		
Структурная классификация кинесических элементов в казахском языке		74
<i>Бердалиева Р.Ш.</i>		
Особенности невербальной модели общения казахского народа		81
<i>Иманқұлова С.М., Аширова А.Т.</i>		
Тілді зерттеудегі лингвистикалық бағыттардың ерекшеліктері		89
<i>Nurshaikhova Zh.A., Yekshembeyeva L.V.</i>		
The discourse of the site as a tool of positioning the company in the internet space		95
<i>Оданова С.А., Қансейітова Ұ.Р.</i>		
Құрылымдық және функционалды бағыттағы зерттеулердің ерекшеліктері		100
<i>Сағындықұлы Б., Құлжанова Б.Р.</i>		
Жедел өткен шақ жұрнағының шығу тарихы.....		104
<i>Салқынбай А.Б.</i>		
Қазақ мәдениетінің ежелгі қайнар көздері және дүниетанымдық сабақтастық		109
<i>Tausogarova A.K., Bektemirova S.B.</i>		
Content analysis of the publication based on the ethnic stereotypes in newspapers (on the materials of Egemen Kazakhstan, Kazakhiya newspapers)		118

